

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XVIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS  
of the XVIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023  
Астана**

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**  
**G99**

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың  
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII  
Международная научная конференция студентов и молодых  
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International  
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE  
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

**ISBN 978-601-337-871-8**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

**УДК 001+37**  
**ББК 72+74**

**ISBN 978-601-337-871-8**

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2023**

людей».

Таким образом, можно говорить о том, что архитектура современной мечети с охотой перенимает установки традиционного градостроительства, продолжают выполнять свои функции, но в мире масса примеров мечетей, которые уходят от традиционных канонических установок и выполнены в новых формах. Но не форма и архитектурная новизна привлекает людей, а как олицетворение духовности, чистоты, и внутреннего наполнения.

#### **Список использованных источников и литературы**

1. Червонная С.М. Современная мечеть: отечественный и мировой опыт Новейшего времени. - Варшава: Польский институт исследований мирового искусства, 2016, 478 с.
2. Шкуров Ш.М. Архитектура современной мечети. Истоки. – М.: Прогресс-Традиция, 2014, 232 с.
3. «Цветок Всевышнего»: в Астане работает единственная в мире и в СНГ экомечеть// <https://mir24.tv/news/16333862/cvetok-vsevyshnego-v-astane-rabotaet-edinstvennaya-v-mire-i-v-sng-ekomechet>

ӘОЖ 394.011

### **ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ КИЕЛІ САНДАРЫ**

**Жусупова Минаура Адильбековна**

[minaaurazh@gmail.com](mailto:minaaurazh@gmail.com)

Л.Н. Гумилев ат. Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - З.О. Ибадуллаева

Қазақ киеге үлкен мән берген халық. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажетті заттарды киелі деп қастерлеген. Сондай-ақ қазақ халқында киелі саналатын бірнеше сандар бар. Олардың қатарына «үш», «төрт», «бес», «жеті», «тоғыз», «он үш», «қырық» сияқты сандар жатады. Осы сандар тізбегін өзіміздің салт-дәстүрімізден, ырым-тыйымдарымыздан, нақыл сөздерімізден, мақал-мәтелдерімізден анық көруге болады. Қазақ үшін әр санның өзіндік қасиеті мен киесі, сыры мен жұмбағы, мән-маңызы болған. Халқымыз әр санның өзіне тән ерекшелігін саралап, жөнімен қолданған. Байырғы кездерде халық әр алуан құбылысқа бақылау жасай келіп, олардың ортақ қасиеттері мен сипаттарын санмен түйіп, санамалап айтып отырған.

Қазақ тілінде сандарды әр түрлі қырынан зерттеу үрдісі байқалады. Мәселен сандардың ішінен киелі сандарды бөліп алып қарастыру үрдісі бар, сондай-ақ сан төңірегінде шоғырланған ойлардың мағынасы мен тарихы, сандардың жалпы фольклордағы немесе әдебиеттегі қызметі, көркемдік ерекшелігі, сандардың этнолингвистикалық сипаты мен лингвомәдени мәнділігі де бар. Осындай зерттеулердің бастамасы ретінде І. Кеңесбаевтың еңбегін айтуға болады. Ғалым біршама фразеологизмдерге ұйтқы болған сандардың семантикалық қызметін аша отырып, олар көне замандағы діни сенімдермен байланысты болып шыққан киелі сандар деп қорытынды жасаған. Сандар сыры сан алуан. Сандарда кие болады деп айтып кеткен екен ата-бабаларымыз. Жалпы түркі халықтарында, соның ішінде қазақ халқында «үш» санын қасиетті деп санаған. Бұл сан халқымыздың ұлттық болмысына, санасына, салт-дәстүріне әбден сіңіп кеткен. Тілімізде үш санымен байланысты аталы сөздер, тұрақты тіркестер баршылық. Мысалы, қазақ халқы ер жігіттің үш жұрты бар дейді. Олар: өз жұрты, нағашы жұрты және қайын жұрты. Бұдан бөлек, үш арсыз – ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз; үш даусыз – мінез, кәрілік, ажал; үш байлық: бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық; үш ортақ – ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ деген қанатты сөздер бар. Сондай-ақ «үш қайнаса сорпасы қосылмайды», «үш ұйықтаса да түсіне кірмеген», - деген тіркестер де қолданылады. Қазақ халқы аптаның үшінші күнін, яғни сәрсенбіні сәтті күнге балаған. Мұның өзі үш санының айрықша мән-маңызға ие болғанын аңғартады [1, 146 б.].

Сонымен қатар қайтыс болған адамның “үшін беру” деген ұғым қалыптасқан. Мұны ғылымда былайша түсіндіреді: адам өлгеннен кейін денеден бөлініп шыққан шыбын жан тәнді қимай, үш күнге дейін оны айналып жүреді екен. Және өлі денедегі биологиялық процестер әлі үздіксіз жүріп жататындықтан, осы кезде адамның сақал-мұрты, шашы, тырнақтары өседі. Молда өлген адамның денесін жуып, жаназа дұғасын оқығаннан кейін барып ғана жан тәнмен толық байланысын үзіп, тәннің сезімталдығы толығымен доғарылады екен.

Көне түркілік дүниетанымда «үш» санының қасиеті тағы да Күн-Әке, Жер – Ана, ал ортаңғы әлемдегі адам- оның балалалары саналып, үштік таған ретінде орын алған. Оның тағы бір көрінісі сонау көне заманнан келе жатқан Күн, Жер және от түсініктерімен де астасып жатыр. Халқымыздағы от түсінігі үштік ұғымдағы От-Ана, Ұмай Ана түсініктерінің аталуымен орын алып, Күн мен Жердің баласы От аталып, от әрқашанда Жер-Анамен бірге болады деп сенген.

Қазақ халқында «бес» санымен байланысты ұғымдар да жиі ұшырасады. Оның бірі бес қару ұғымы. "Ер қаруы – бес қару" деп қазақ батырлары шайқаста қолданған қару түрлерін айтқан. Бұл қаруларды қазақ халқы XVII-XIX ғасырдың аяғына дейін пайдаланып келді. Қолдану аясына қарай бес түрге бөлген. Бірінші – шабу қаруы (балта, айбалта, шақан), екінші – түйреу қаруы (найза, сүңгі), үшінші – кесу қаруы (қылыш, семсер, сапы), төртінші – соғу қаруы (шоқпар, гүрзі), бесінші – ату қаруы (садақ, мылтық). Бес қару қасиетті, киелі саналған.

Бестік ұғыммен астасып жатқан «Бес парыз» да бүкіл ислам әлеміне ортақ түсінік. Исламның негізгі бес парызы бар екені белгілі. Олар: Шахада (куәлік ету), намаз, ораза, зекет және қажылық. Сонымен қатар әр мұсылманға күн сайын бес уақыт намаз оқу Құранда парыз етілген. Олар: таң намазы, бесін намаз, екінті намазы, ақшам намаз, құптан намазы. Ағайын, жақын, таныс адамдардың бір-біріне деген бес борышы: Аллаға, Пайғамбарымызға байланысты борыш; Адамның өз-өзіне байланысты борыш; Мемлекет пен халық алдындағы борыш; Үй іші, жақындарына байланысты борыш; Адамгершілік әлеміне деген борыш. Бес қатер: От, жау, борыш, ауру, сөз. Сондай-ақ қазақ халқында Бес жақсы дәстүрі де болған. Халық арасында жоғары құрмет пен марапат, сый-сияпаттың ең жоғары түрі осы бес жақсы дәстүрі арқылы көрсетілген. "Бес жақсының" бір түрінің өзі 4-5 жылқыға бағаланған. "Бес жақсыға" мыналар жатады: қара нар, жүйрік ат, қалы кілем, алмас қылыш, бұлғын ішік. Бұдан бөлек, аптаның бесінші күні – жұма. Ал Исламда жамағат болып құлшылық жасайтын күн ретінде жұма таңдалған. Сол себепті мұсылмандар үшін жұма қасиетті күн саналады.

«Жеті» саны – халқымыз үшін қастерлі сан. Жеті санымен байланыстырылып айтылатын ұғым дәстүрімізде де, тілдік мәдениетімізде де көп сақталған. Қазақ жеті атаға толмай қыз алыспайды. Бұл ата-бабамыздан бері қарай келе жатқан қатаң ереже. Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы, жеті атасының есімдерін кішкентайынан жаттап өседі. "Жеті атасын білген ұл – жеті жұртқа жөн айтар", "Жеті атасын білмеген жетесіз" деген аталы сөздер осыдан қалса керек.

Қазақ халқында ежелден қалыптасқан философиялық түсінік бар, ол – Жеті қазына. Жалпы жеті қазына ертеректе көшпенді халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан. Қазақ халқы жеті қазынаны ер жігіттің өмірімен байланыстырған. Сол себепті оған жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қандыауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездікті жатқызған. Сондай-ақ қазақ салтында қайтыс болған адамның жетісі деген ұғым бар. Мәйіт жер қойнына тапсырылған соң, жеті күн бойы періштелер тарапынан сұраққа алынады екен. Сондықтан да сахабалар сол күндері марқұмның атынан ас берілуін ұнамды әрекет санаған. Бұдан бөлек, қазақта қасиетті жұма күні жеті шелпек пісіру дәстүрі бар. Жеті саны кейде жамандықпен де байланыстырылып жатады. Мысалы, қазақ "жұт жеті ағайынды" дейді. Халық жеті жұтқа мыналарды жатқызады: құрғақшылық, жұт, өрт, оба, соғыс, топан су, зілзала.

Зерттеуші Н.Байдабектің “Әлем кітабы” атты қолжазбасында сегіз (сегізінші қағида) – шексіздік уақыты, өлшемі, мөлшері деп түсіндірілген. Сегіз қиыр шартарап деген сөз тіркесі күллі әлем, дүниенің төрт бұрышы деген мағынада қолданылады – осы мағынаның аржағында “шексіздік” деген мағына тұр деп тұспалдауға болады. Сегіз қырлы, бір сырлы деген тұрақты

сөз тіркесінде жан-жақты өнерпаз, шебер адам жөнінде айтылады, ал “жан-жақты” дегеніміз “шексіз санауға келмейтін” деген мағынаны меңзеп тұрғандай.

«Тоғыз» саны да қазақтың ескі салтынан орын тепкен қасиетті сан. Бір рудың екінші руға, бір кісінің екінші кісіге сыйлайтын сыйының, кейде төлейтін айыбының "бір тоғыз", "үш тоғыз", "тоғыз тоғыз" болып келуі осыны толығымен айқындайды. Тоғыз санымен байланысты тіркестер: "тоғыз ай, тоғыз күн бала көтеру", "тоғыз әйелдің толғағы бір күнде келді", "тоғыз жолдың торабы", "тоғыз қабат торқа кию", "бір тоғыз, екі тоғыз, үш тоғыз (құдалықта орындалатын дәстүр)", "тоғыз жау". Көшпенділер тоғыз санын болмыстың шыңы деп санаған, олардың салт-дәстүрлері мен наным-сенімдерінде тоғыз саны қасиетті болып есептелген. Тоғыз санының омонимі – "ұзақ өмір". Сонымен бірге қазақтарда тоғызқұмалақ ойыны бар. Соңғы деректерге сүйенсек, бұл ұлттық ойынның шығу тарихы төрт мың жылдық кезеңді қамтиды [5, 28 - б].

Он үш саны. Әлем халықтарында "он үш" тылсым құпияға толы сәтсіз сан саналады. Кейбірі тіпті бұл сан бақытсыздық әкеледі деп сенеді. Ал қазақ халқы, керісінше, "Он үште – отау иесі" деп жас балаға сенім артып, жауапкершілік жүктейді. Оның үстіне 13 – алғашқы мүшел жас.

«Қырық саны» – қазақ халқында өте қастерлі сан. Сәби дүние есігін ашқаннан кейінгі қырық күн өте маңызды саналған. Халқымыз тіл-көз тимес үшін сәбиді қырық күн бойы бөтен адамдарға көрсетпеген. Бала қырқынан шыққанша "сүт тырнағын", "қарын шашын" алмайды. Баланы қырқынан шығарарда дастархан жайып, көршілес, ағайын-туыс әйелдерді қонаққа шақырады. Әрбір келген әйел өзінің балаға деген ізгі тілегін білдіреді. Сәбиді шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс жүзік, күміс білезік, күміс сөлкебай сияқты заттар салып, 40 қасық таза су құяды. Қазақ ұғымында күміс – адалдықтың белгісі, күміс салынған су – ең таза су саналады және оған жын-шайтан жоламайды. Сондай-ақ қазақта "қайтыс болған адамның қырқын беру" жөн-жоралғысы бар. Қазақта "Қызға қырық үйден тыйым", "Жақсы әке жаман балаға қырық жыл ризық", "Отызыңда орда бұзбасаң, қырқыңда қамал алмассың", "Қырықтың бірі – Қыдыр", "Бір кісі таққа отырса, қырық кісі атқа отырады", "Ханда қырық адамның ақылы бар", "Қырық атан ұстама, Қырық тамыр ұста", "Әйелдің қырық жаны бар", "Қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі" деген нақыл сөздер аз емес. Қырық – қазақтың мифтік санасында киелі, қасиетті саналатын сандар тобының бірі. Діни мифтік түсініктердің бірінде ана құрсағына біткеннен бастап сәби жәті жұлдыздың (планетаның) әрқайсында қырық күннен қарамағында болады, ал әр жұлдызда 70 періште болған екен дейді. Сөйтіп ана құрсағында сәби 280 күн (7x40=280) яғни тоғыз ай, тоғыз күн жеті жұлдыздың бақылауында, 70 періштенің қамқорлығында болады. Ал ана құрсағынан жарық дүниеге келген сәбиді Қырық Шілтен күн сайын біреуден келіп, қырық күн күзетеді екен деседі. Қырық күн өткенде шілде күзет аяқталды деп, шілдекүзет немесе шілдехана тойын өткізеді. Кей аймақта қалжаға сойылған қой етінің қан көбігін сүзіп алып, баланы шомылдыратын суға қосып, үстіне қырық қасық су құяды [2, 226 б].

Діни эпос әлеміне тынбай саяхат жасаушы ғалым М.І.Әбдуов «қырық» санын адамның жаратылу уақыты дейді. «Қырықтың бірі – қыдыр» деген нақылдың мағынасы адамзаттың бірі – Қыдыр деген түсінікті береді. 41 құмалақтағы «Бір» – Жаратушы Алланың, «қырық» – жаратылыстың абзалы Адамның құрметіне алынған» [3, 191 б.].

Сонымен, қазақ халқында киелі сандар ерекше орын алады. Сандар мен олардың атауларында киелі мән бар, олар магиялық мағына мен күшке, эзотерикалық символикаға ие.

### **Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі**

1. Сауранбаев Н. Және қазақ тілі білімі. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы, 2000, 253 б.
2. Әбдуов М.І. Қазақтың діни эпосы. Діни эпостың типологиялық және поэтикалық мәселелері: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2006, 254 б.
3. Ахметжанова Ф. Р., Дүсіпбаева Қ. С. Қасиетті сандар қатысқан қазақ ескіліктері. – Өскемен, 2001, 29-32 б.